



Статистикалық көрсеткіштер.

- 1. Статистикалық көрсеткіштердің негізгі сипаттамалары.**
- 2. Абсолютті көрсеткіштер.**
- 3. Қатысты көрсеткіштер.**
- 4. Статистикалық көрсеткіштерді пайдалану нысандары.**






1. Статистикалық көрсеткіштердің негізгі сипаттамалары.


Статистикалық көрсеткіш - бұл зерттелінетін жиынтықтың сапасы мәлім болған жағдайдағы, яғни оның ішкі мазмұнына тікелей байланысты, құбылыстың санды сипаттамасы.

Барлық статистикалық көрсеткіштер бірліктерді қамтамасыз ету тұрғысынан былай бөлінеді:

- жеке - жиынтықтың жеке бірліктерін сипаттайды;
- жинақталған - белгілі көп бірлік немесе зерзатты бейнелейді.



2. Абсолютті көрсеткіштер.




Абсолютті, яғни нақты шамалар, статистикалық көрсеткіштердің бастапқы нысаны болып табылады, олар құбылыстардың нақты мөлшерін көрсетеді: салмағы, ұзындығы, аумағы, көлемі, саны және т.б.

Абсолютті шамалар әрқашанда мөлшерлердің өлшем бірліктері атауына ие болады: кг, шаршы метр, баррель, адам және т.б.


Абсолютті көрсеткіштер бейнелеу формасы бойынша

натуралды, еңбектік және құнды болып бөлінеді.





- 2013 ж. ТМД-ның кейбір елдерінде жалақы мөлшері құрады, АҚШ долл.:
- Қазақстан - 717; Ресей - 936; Беларусь - 564.
- Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстанда ең халық саны көп облыс болып табылады: 2014 жылдың басына халық саны 2 733 279 адамды құраған. Бұл Ақмола облысы халқының санынан шамамен 4 есеге көп.



3. Қатысты көрсеткіштер.

Қатысты статистикалық көрсеткіштер - бұл құбылыстар деңгейлерінің арасындағы сандық қатынасты білдіретін мөлшерлер.

Кез-келген қатысты көрсеткіш бір аттас статистикалық мөлшерлерді бөлу арқылы алынады.

ҚР-да 2013 ж. өткен жылға қарағанда халық саны 101,5 пайызды құрады, мысалы.



Қатысты шама мыналарды көрсетеді

- салыстырылатын мөлшер базистік немесе басқа мөлшерден неше есе көп немесе кем;
- жиынтықтың бірінші (екінші, n -ші) бөлігі немесе тобы осы жиынтықта қанша үлесін алатынын;
- бір шамадағы бірліктердің 100, 1 000, 10 000 және т.б. базистік бірлік немесе басқа шаманың қаншасы келетіндігін.




Қатысты шамалардың түрлері


1. жоспарлы тапсырманың қатысты шамасы;
2. жоспарды орындаудың қатысты шамасы;
3. серпіннің қатысты шамасы;
4. құрылымның қатысты шамасы;
5. координацияның қатысты шамасы;
6. интенсивтіліктің қатысты шамасы;
7. экономикалық дамудың қатысты шамасы;
8. салыстырудың қатысты шамасы.



- **Жоспарлы тапсырманың ҚШ** жоспарлы кезеңде қабылданатын көрсеткіш мәнін оның жоспарлы немесе басқа базалық деңгейіне қатынасын білдіреді;
- **Жоспарды орындаудың ҚШ** көрсеткіштің нақты және жоспарлық деңгейлері арасындағы қатынасты көрсетеді.



- **Динамиканың ҚШ** - әр түрлі сәттер немесе уақыт кезеңдерінде алынған көрсеткіштер деңгейінің қатынасын білдіреді. Олар құбылыстар өзгеруінің бағытын, өзгерістің жылдамдығы немесе даму қарқынын сипаттайды.



- **Құрылымдық ҚШ** - бұл жиынтықтың бөліктері және тұтасы мағыналарының қатынасын көрсететін мөлшер

- *Басқаша айтқанда, үлес салмақтары*



4. Статистикалық көрсеткіштерді пайдалану нысандары.

Статистикалық кестелер - бұл атаулары бар бағандар мен жолдарда әлеуметтік - экономикалық құбылыстар мен процестердің санды, әріптік немесе өзге белгілеулері/мәндері келтірілген атаулы жүйелер.



- Статистика (лат. status- жай-күй) -
- білім саласы, бұқаралық әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдерістердің сандық және сапалық көрсеткіштерін зерделейтін ғылым;
- қоғам өмірінің (экономиканың, саясаттың, т.б.) сандық заңдылықтарын олардың сапалық мазмұнымен ажырағысыз байланыста сипаттайтын статистик. ақпаратты жинап, өңдеуді, талдау мен жариялауды қамтитын практик. қызмет саласы;
- жарияланатын сандық деректердің, бақыланбалы нысанның сан немесе сапа тұлғасындағы күйін тиянақтайтын бақылау нәтижелерінің жиынтығы.
- қоғам өмірінің сандық жақтарында болатын құбылыстарды меңгеретін және көп жылдық тарихы бар ерекше ғылым немесе білім саласы. Оның шығу төркіні әр түрлі қоғамдық тұтынушыларға, мал санына, жер-су көлеміне, дүние-мүлік және басқалар есебіне байланысты.
- әр алуан белгілі бір статистикалық деректер жиыны ретінде де түсінуге болады (өлім статистикасы, торбетке кіру статистикасы т.б.).




Статистикалық график


Зерттелетін әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үрдістердің санды мәндерін координата жүйесінде суреттеу және тәрне



Пайдаланушылармен өзара әрекеттің дамуы (Интернет және сауалдарды өңдеу)




Қазақстан офисінің 2009-2011 жылдарға арналған статистикасы





Количество карточек в обращении (млн.ед.)



Абоненты сотовой связи



Рынок Казахстана на 01.04.12г. (тыс.ед.)




Источник: НБ РК и агентство по статистике РК




1 Кесте. Гендерлік теңсіздік индексі, БҰҰДБ

Гендерлік теңсіздік индексі, Дәреже, 2012	Мемлекет	Гендерлік теңсіздік индексі Дәреже, 2012	Гендерлік теңсіздік индексі, Көрсеткіш, 2012
4	Нидерланд	1	0,045
7	Швеция	2	0,055
9	Швейцария	3	0,057
20	Франция	9	0,083
25	Италия	11	0,094
28	Чех Республикасы	20	0,122
10	Жапония	21	0,131
35	Словакия	32	0,171
26	Ұлы Британия	34	0,205
101	Қытай	35	0,213
44	Латвия	36	0,216
57	Болгария	38	0,219
32	Мальта	39	0,236
41	Біріккен Араб Әмірліктері	40	0,241
70	Албания	41	0,251
3	АҚШ	42	0,256
37	Мажарстан	42	0,256
113	Молдова	49	0,303
55	Ресей Федерациясы	51	0,312
69	Қазақстан	51	0,312


Мемлекеттің ЖІӨ-не үлесі




Жалдама еңбек



Жалақының арақатынасы



Күтілетін өмір ұзақтығы



Халық санағы - белгілі бір уақыт шеңберінде бүкіл елдің халқының немесе оның бір бөлігінің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы ақпаратын жинау, өңдеу, жариялау, тарату мақсатындағы жалпы мемлекеттік статистикалық шаралар. Бұл санақ халықтың дәл сол уақыттағы мәліметін "лезде суретке түсіріп" алуға мүмкіндік береді. Халық санағында сол аумақтағы халықтың саны, құрылымы, әлеуметтік-экономикалық сипаты туралы ақпарат жиналады. Халық санағы көпшілік елдерде негізгі, ал, кейбіреулерінде - демографиялық және әлеуметтік, экономика мәліметгер жинаудың жалғыз жолы. Сонымен қатар, халық санағы халық өмірінің қырларын таңдамалы түрде немесе үй шаруашылығын есепке алуда қолданылады. Халық санағын жүргізудің ғылыми және ұйымдастырулық негіздері ХХ ғ. екінші жартысында қалыптасып болды. Көптеген елдерде тұрақты 5 немесе 10 жыл мерзімде бір жүргізілетін Ұлттық халық санағының бағдарламаларында БҰҰ-ның және өзге де ұйымдардың ұсыныстары есепке алынады. Санақ қорытындылары бойынша халықтың табиғи және миграциялық қозғалысын нақтылауға болады. Халық санағын отбасына және үй шаруасына жүргізеді. 1950 ж. бері БҰҰ әр 10 жыл сайын бүкіләлемдік халық санағын өткізеді. 2004 ж. әдеттегі онжылдық раунд (1994- 2004) аяқталды. ХХІ ғ. басында әлемде халық санағы өткізілмеген бірде-бір ел қалмады. Ұлттық санақ қорытындылары өзара сәйкес келу керек, ал негізгі қорытындылар бүкіләлемдік халық санағының бөлігі болып есептеледі. Бұл өз кезегінде әлемдік экономиканың жаһандану дәуірінде үлкен мәнге ие болып отыр



Ресми статистика – үкімет
ведомстволары жинап және басып
шығарған деректер, бірақ олардың көбі
әлеуметтанушы үшін үлкен құндылыққа
ие болуы мүмкін, мысалы, жалпы
тұрғын үй мен отбасылық қолданыс
шолуында көрсетілген деректер, негізгі
дау ресми статистиканың (мысалы,
қылмыс статистикасы) шектелуіне
қатысты болды.





- **Математикалық статистика — математиканың бір саласы, бақылау немесе өлшеу арқылы анықталып, сандар түрінде тізілген деректерді жүйеге келтіру, өңдеу және солар бойынша тиісті ғылыми және практикалық қорытындылар шығару жайындағы ғылым.**
- **Байқалған құбылыстар, өлшеу жұмыстары немесе арнайы жүргізілген тәжірибелердің нәтижелері ретінде табылған сандар жиындарының белгілі бір шарттарды қанағаттандыратын элементтерінің сандары статистикалық деректер деп аталады.**

